

БҮГІНГІ ОНОМАСТИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Медетбекова П.Т.,

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті

medet_73@mail.ru

Ключевые слова: научно-познавательная ономастика, имя собственности, национальная языковая картина мира, межкультурная коммуникация

Key words: scientific cognitive onomastics, proper name, national language worldview, intercultural communication

Тіл білімінің қоғамдағы өзге салаларда қаншалықты маңызды рөл атқарып, зерттелуі өзекті болса, тіл ғылымының үлкен саласының бірі – **ономастика** ғылымының атқарар рөлі де орасан зор. Ономастика ғылымының негізгі зерттеу нысаны «жалқы есімдер». Жалқы есімдер қоғам үшін, өзге салалар үшін аса маңызды рөл атқарады және қай кезде болсын маңыздылығы жойылмақ емес.

Бүгінгі таңда Қазақ ономастика ғылымы етегін кеңге жайып зерттеу нысандары жапырағын жайған шақ деп айтуға әбден лайықты. Ғылым ретінде де танымдық тұрғыдан да қызығушылық танытушылардың дені мектеп қабырғасындағы оқушылардан бастау алуда. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады.

Жаңа технология кезеңі немесе жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз, яғни ғылымның қай саласы болмасын дамыған үстіне дамуда. Сондай-ақ, айтайын деп отырғанымыз Мемлекетімізде мектеп

бағдарламасынан бастау алған «жалқы есімдердің» зерттелуі жыл сайын емес, күннен күнге зерттелген үстіне зерттеліп, қызығушылық танытушылар көбеюде. Ономастика салалары: антропонимика, топонимика, фитонимика, зоонимика, т.б. салалары түрлі бағытта қарастырылуда. Университеттің 1 курс студенттерінің қазақ тобы өз алдына мемлекеттік тілді үйренуші орыс топ студенттері, оның ішінде қазақ ұлтымен қоса өзге ұлт өкілдері де бұған ден қоя бастаған.

Сонымен қатар «Ономастика теориясы» атты курс элективті пән ретінде жоғарғы курс студенттері үшін оқытылады.

Міне, осындай жалқы есімге қатысты негізгі қызығушылық пен қажеттіліктің ортасынан бүгінгі күні түрлі **ұйым, үйірме, клубтар** қазіргі студент жастар үшін немесе сол студент-жастардың қызығушылығы негізінде жұмыс атқаруда.

Айтпағымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасы нда 2012 жылдың қыркүйек айында құрамында 18 студенті бар «Жерұйық» ономастикалық өлкетану үйірмесі жарты жылдың ішінде түрлі бағыт бойынша бекітілген жоспар негізінде жұмыс атқарып, бүгінгі таңда үйірме мүшелерінің көбеюіне байланысты клуб болды.

Клубтың жауапты мүшелерінің дені студенттер, оның ішінде 1-курстан 4-курсқа дейінгі студент

жастар саны қазірде 45-ке жетті. сол студенттердің екі жыл ішінде атқарған жұмыстары біршама, мысалы:

«Жерұйық – жер жаннаты», «Ономастика шыңы» атты шарада үйірме мүшелерінің ономастикалық атауларға байланысты жеке зерттеу жұмыстарын бөліп, сол жоба негізінде жетекшілік жасау;

«Қазақ өлкесіне саяхат» шарасында үйірме мүшелері арасында ономастиканың қазіргі-жай күйі жайында дөңгелек үстел;

«Қазақ антропонимдерінің лингвомәдени мәні»;

«Қазақ топонимикасы» шараларында қазақ ономастика саласын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, түрлі пікірталас, сөзжұмбақтар мен баяндамалар жасалады;

«Өзге тілден қазақ тіліне аударылған атауларға көңіліңіз тола ма?» атты пікірталас студенттердің таным көкжиегін кеңейту мақсатында өткізілді;

«Білгенге маржан» атты шара ономастикалық атауларға байланысты мақал-мәтелдер сайысы;

«Аңыздар сыр шертеді» шарасында аңыз желісіне құрылған ономастикалық атауларға байланысты ұйымдастырылды. Осы айталғандар 2012-13 оқу жылы аралығын қамтыса;

2013-2014 оқу жылында клуб жұмысы кеңейтіліп, келесі шаралар университеттің 80 жылдығына орай ұйымдастырылды:

«Ономастика шыңы» шарасы клуб жұмысының есеп беруіне орай Алматы қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқарма басшысы мен қызметкерлерінің қатысуымен өткізілді.

«Факультеттегі атаулар» шарасы кафедра, ұйым, үйірме, бірлестік, клуб, еріктілер қозғалысы атауларының мағынасы мен тарихына тоқтала отырып, дәрісханада отырған оқытушы, магистрант және студенттерге заманауи ақпараттық технологиялар арқылы викториналық сұрақтар қойылды және факультетіміздегі «Ай-Ару», «Жәдігер», «Мұрагер», «Жерұйық», «Түркі әлемі», «Жас лингвист», «Сұңқар», «Көкжиек», «Көмек» т.б. жауапты студенттері өз клубтары жайында баяндама жасады.

Сонымен қатар «ру мен тайпаға», «әлеуметтік желіде шетелдік үлгідегі адам есімдеріне» байланысты және «аудармасы дұрыс және бұрыс ономастикалық атаулар» жайында өткен көптеген шараларды атап өтуге болады.

Мұндағы айтпағымыз, жоғарыда аталған шаралардың жоспарлануы, жүргізілу барысының бәрі студенттердің қызығушылығынан туындап отыр. Әрбір шара жиын түрінде емес, тақырыпқа, оның мақсатына қарай бірде баяндама түрінде болса, бірде пікірталас, дөңгелек үстел, т.б. түрінде және әр жиында түрлі ойындар мен викториналық сұрақтар, сөзжұмбақтарға жауап табу түрінде ұйымдастырылады.

Тақырып бойынша мәліметтер ономаст ғалымдардың еңбектерінен, сондай-ақ танымдық біліктілігін арттыру мақсатында әлеуметтік желілерден, БАҚ материалдарынан және көшедегі жарнамалардан алынып, егер топонимикаға қатысты

болса көше атаулары бойынша жауапты студенттердің жинаған материалдар негізінде оның ішінде қателіктер мен жетістіктері қатар қаралып отырылады.

Жалқы есімдердің қоғамдағы маңыздылығының көрінісі ретінде осындай шаралардың ғылыми да, танымдық та маңыздылығы зор деп білеміз.